

Қазталовка дегеніміз - Қарасу.

Ел басы, әр ауыл, қоныс, ата әм бабасының, атамекенінің тарихын білсін деген баршаға аян және жастарымызды бауырмалдыққа, патриотизмге тәрбиелеудің бір жолы екенін ұмытпайық. Империялық сана біздерді ата-баба шежіресіне, салтына қарсы қойып, біздерді де, отарлаудың саясатын жалғастыра бергені мәлім. Соның бір көрінісі –жер, су, кәсіпорындар, мекемелер атаулары мен адам есімдері. Жерімізді қалмақ басып алып, Боралдай, Ембі т.б деп өз атауларын берді. Солардың бірі – Қазталовка, Богатыров, Шильны т.б.

Мен балалық шағымда, институт бітіргесін 3 - 4 жылдай осы Қазталовка, Богатыр алабында өткізіп, талай орыс, қазақ қарияларының, азаматтардың шежіресін, тарихи әңгімелерін естіген едім. Олардың есімдерінде атап беруіме болады. (Зергер Ахмет, Мүлкәшев, И.Сасай, Жұмағали Урусовтар, әкелі-балалы Масловтар, Кошелевтер, Латыровтар, Иманалиев т.б.) Әр қайсысы өз білгенін өз ұғымынша айтады, бұрмалайды, бірақ біз ішіндегі нақты фактілердің шындыққа жанасатынын пайдалануымыз керек. Қариялар сөздерін тексеріп, анықтау мақсатында архивтердегі қағаздарды ақтарып, бірталай көпке беймәлім қалған мәліметтерді көрдім. Солардың сөздерін толықтырып, оқырман айып етпесе ықшамдап, шама келгенше ғылыми тұрғыдан баяндайық.

Адамдар ежелден өз тұрағын жер бедеріне, су мен орман, тоғайдың бар жеріне, аң мен жаудан, боран мен топаннан қорғануға ыңғайлы орынға салып, жер бедеріне, орман, су ерекшелігіне, тарихына қарап атау берген. Сондай жердің бір - Қазталовка қонысы тұрған орын. Ол жазғұтырым қар суы кемерінен асып, кейде 1941 жылы қыста сулы болатын сайдың биік тау иініне салынған. Қазақ сағасы тұйық, өзенге, не көлге құймайтын, тек қар суымен толатын сайды - Қарасу дейді екен. Бабаларымыздың қонысын жер бедеріне қарап, өзен, көлдер мен көлтабанға, яғни суы, шөбі, тоғайы, қамысы бар жерге салынды. Қарасу айналасы сондай жер. Ұрпақ үшін айта кетейік, қазір Қазталовка тұрған жер теп-тегіс секілді. Ал шындығында Қарасу сайына жан-жақтан жылғалар келіп қосылатын. Қазіргі Чапаев алаңының Шығысынан бұрынғы аэропорт жағынан ескі мектеп жанымен 2-ші жылға банкі тұсынан 3-ші жылғамен қар суы ағып, Қарасу толатын. Қасындағы Сарыөзен 2 км ол тасығанда Қарасу көтеріліп, айнала айдын болып, тегіс су ортасында әр жерде (сландар – аралшық, төмпе не жон) қалады екен. Сондайдың бірі Қарасу йініндегі түбек, 2-шісі Ленин көшесінің орта шені - биік жон, оның атауы болған, Қойыпалды деген. Оның шығысы жылға, сосын төмпеліде ескі банкі, зират т.б. Сұлтантардың зираты қазіргі жинақ банкінің қарсысында. 1941 жылдан бұрын құлпытастары, ағаштан үйлері, қоршауының қалдығы бар еді. Қариялар осында, қызғылықты мәліметтерді төппештеп, дәлелдеп айтады. Біз оны болашаққа керек болар деп ойладық па?

Жер бедерін тәппештеп отырған себебіміз – Қарасу жағалауы ежелден адам қоныстануға қолайлы болғанын көрсету. 1964 жылы Ленин көшесіндегі №6 үй ауласынан құдық қозғанда 1,5 м тереңнен бір қабат қойдың қиы шыққан, яғни бұдан 5-6 ғасыр не одан әрі де бұл жер тұрақты қоныс болғаны. Қазталовканы «Алаша Қарасуы» ал қасындағыны «Сұлтангерей Қарасуы» деген архивте жазу бар. ХХІ-ғасыр басында Бөкей Жаңақаласы деп атап келген мекенді салдырады. Ол жер Ресейге кетті. Сонымен Таловка деген сөз қашан, қайдан шықты? Бұл сөз төркіні қайдан шықты? Бұл сөздің төркінін бір

рет мен жазған едім, тағы да қайталауға тура келіп тұр. Өйткені, аудан, қоныс атауын бұрмалау, қате жазу көбейіп кетті.

Біреуі Қазталовка деп – орысшасын айтса, екіншісі Социалистік Қазақстан газетінде 1992 жылы Қазталов деп жалғауын алып тастап, мағынасы түсініксіз етіп жазуда. Қазталовка орысша атау болып қалыптасты. Орал казак әскері қазақтардың Сарыөзен алабына қоныстануын жақтырмай, бұл біздің жер деп ешбір дәлелсіз иемденіп, Қақташтан бері қарай Сарыөзеннің шығыс жағалауынан қазақтарды қуып, Сары айдынға дейін бекіністер сала бастады. Қараөзен өңірінен де қазақ ауылдарын кудалай береді. Бұл өзі жарты ғасырға созылған мемлекеттік дау болды, үкімет өкілдері келді. Міне, 1813 ж Қарасу қонысына келіп, түбекке бекініс сала бастайды. Қарасудың бұл жері бекініске қолайлы еді, бір жағы биік жар, үш жағынан су қоршаған табиғи қорған еді. Қарасу сөзін орысшалап, форпост Гполовая речка деп атайды. Бұл атауды өздері кешікпей құбылтып, архив қағаздарында ор.Гпаловский деп жазыпты. Ал, 1860-1870 жылдары село Гпаловка депті. 1860 жылы бөкейліктер қисымдар құрылғанда Сары өзен өңірі ф.Абинский деп аталған Көктерекке дейінгі алабы, Таловка қисымы - часть деп аталыпты. Тіпті енді, Қазталовка дейді, не орысша, не қазақша емес, не күлерінді, не жыларыңды білмейсің. Өйткені, Талов деген орыста сөз жоқ, олар ылғи Таловка деген. Мысалы, Шипов ст-ң шығысында Таловка деген өзен-сай, ірі қоныс бар. Ауданның тұрғындары бұндай былықты тоқтатып, қазақша Қарасу деп, не Ғұмар Қарашев сияқты еңбегі сіңген адамның есімін беруді қалайды. Ғ.Қарашев осы ауданда тұрып өскен Жалпақталда оқыған. Қарасуда бір кез тұрған, алаш қозғалысына, қызыл әскерге кісі жинау, кооператив ұйымдастыруға, 1920 жылы уездік совет съезін өткізіп, атқару комитетін сайлауға қатысқан қайраткер. Әдеби, саяси қызметі өз алдына. Әрине, аудан қоныс, әкімшілік территориялық бөліністер атауын өзгерту қазіргі қысталаң кезде, әрі кей чиновниктердің кесірі, кедергісі, көп кезеңде оңай шаруа емес. Дегенмен, Тәуелсіздік алғанымыз рас болса отаршылдықтың озбырлығы мен қорлығының куәсі қашанда ата – баба қаны тамған жерде қашанға сақтамыз. Мысалы, Қазталовка ауданында Богытырев, Тасқалада Шипов, Зеленовта Скорькин т.б атаулар. Соңғы атаман Скоркин, Сырым батыр көтерілісін басуға қырға барып, бейтарап, бейбит ауылда талап кеткен тарихын жазған. Ұядан Иван Богатыров 1838 жылы 12-шілде де соғыста Исатай Тайманұлы қуғыншыларды қолға түсіріп, ұстап тұрғанда, шауып мылтықпен кеудесінен атып, оралып келіп ат үстінен қылышпен басын қиған адам. Сол үшін 121 сом ақша алған қолқаты архивте сақтаулы. Біз осындай адамның есімін күнде айтып жастарымыздың көкірегіне сіндіреміз, сондай-ақ офицер өткен ғасыр басында қара өзен, өзен бұрылмай деген жерде әскери отрядты ұстаған. Біз оның есімін әлі сақтаудамыз. Ал қазір қазақ еңбегіне сіңіріп жанып қиған Махамбет Құрманғазы, Ғұмар Қараш, Ишанғали Меңдіханов сияқты аудан жерінде болған, не тұрған қайраткерлеріміздің елін қастерлеп мәңгі сақтауға кернеу кердеңбіз. 1952 жылы барсам өзгеріпті, Кошелевтер бұл жерде әуелде Богатыров ғой біз солай айтамыз дейді, ал он қол ағайынымыз оны тексермей Шилен ауыл совет Богатыр селосын өзгертуге жол берген. Бұны қалай, түсінеміз бізге енді өзіміз өз болып есімімізді адам болып енді жиылғалы жүргенде арбам, Іле, Русская, Артур деген жер атауларының керегі не әлде бұны өзгертуге жоғарыда нұсқау керек пе, орысша атты қол соғуға жылдам еттік, Гоголь деп қоя салуға жылдам едік, ал енді қазақ қайраткерлерінің есімін беруге неше түрлі сылтау ілік іздейміз. Мысалы, сол Қазталовка ауданындағы жұмысы күмәнді Алманың есімін бергенше артына қомақты ғылыми мұра қалдырған, сол жерде туып өсіп,

мұғалім болған, қазақ тілінің тұңғыш профессоры Қажым Басымовтың есімін беру тән дегенімізге бірнеше жылдар болды, ал сөз бұйдаға салды, біреуі оны молданың баласы десе, екіншісі ол халық жауы болған дейтін көрінеді. Қ.Басымов туралы Алматыда И.Ұқымаев,С.Шарыбаев т.б ғалымдар жазған. Сәбит пен Шараның кітаптарынла бар. Сонда оқымайтындығын көрсетіп, лауазым иелері құлақ аспай келеді. Сонда бір адамның есімін қастерлеу үшін сонша жыл айтып жазылғанымызды басқаларын ескеруге канша жыл керек әлде . Жалпақтал ауданының Ишанғали Мендіханов есімін білетін ескертуіміз қалдырғанда қала бере ме, сонымен әр нәрсенің орнын жөнін мәселесін шешудің пісіп жеткен кезі болады .Сонда бір ауданның атауы қазір тәуелсіздік саяси жағдайымызға сай келтіруіміз жөн.

Исатай Кенжалиев

**тарих ғылымдарының кандидаты,
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің Құрметті профессоры**